

## Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылған деп тану туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің ҚАУЛЫСЫ 1995 жылғы 26 қыркүйек N 1283

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:  
Қазақстан Республикасы Үкіметінің қосымшаға сәйкес кейбір шешімдерінің күші жойылған деп танылсын.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-министрі  
Қазақстан Республикасы  
Министрлер Кабинетінің  
1995 жылғы 26 қыркүйектегі  
N 1283 қаулысына  
Қ О С Ы М Ш А  
Үкіметтің күші жойылған кейбір шешімдерінің  
Т І З Б Е С І

"Монополист кәсіпорындардың еркін (нарықтық) бағалар бойынша өткізетін өнімдеріне бағаларды мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 29 қыркүйектегі N 814 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1992 ж., N 37, 570-бап).

"Қой шаруашылығын дамытуды экономикалық тұрақтандыру және ынталандыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 15 шілдедегі N 612 қаулысының 10-тармағы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1993 ж., N 29, 346-бап).

"Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 28 маусымдағы N 547 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1993 ж., N 25, 304-бап).

"Дәрі-дәрмек пен медициналық мақсаттағы бұйымдардың барлық түрлерінің бөлшек сауда бағаларын ырықтандыру туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 4 қарашадағы N 939 қаулысының 2-тармағы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1992 ж., N 44, 645-бап).

"Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу және күші жойылған деп тану туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің

1993 жылғы 24 қарашадағы N 1176 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешіміне енгізілген өзгертудің 2-тармағының "б" тармақшасы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1993 ж., N 46, 550-бап).

"Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің "Ұлттық валютаны енгізу жағдайында бағаның өсуін шектеу жөніндегі төтенше шаралар туралы" 1993 жылғы 12 қарашадағы N 1121 қаулысына толықтырулар мен өзгертулер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 28 желтоқсандағы N 1302 қаулысының 1-тармағының бесінші абзацы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1993 ж., N 50, 604-бап).

"Импорттық дәрі-дәрмек заттарын, медициналық мақсаттағы бұйымдарды және химиялық реактивтерді сату кезіндегі сауда үстемелері туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 14 наурыздағы N 259 қаулысының 1-тармағы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1994 ж., N 13, 126-бап).

"Шаруашылық жүргізуші субъектілердің - табиғи монополистердің өнімдеріне бағаны реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 19 қазандағы N 1171 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімдеріне енетін Өзгерістердің 3 және 4-тармақтары (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1994 ж., N 44, 474-бап).

"Мұнай бағасын ырықтандыру туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 15 желтоқсандағы N 1416 қаулысының 2-тармағы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1994 ж., N 48, 530-бап).